

Ғ.М. Қарасаев^{1*}, А.С. Уалтаева², Н.У. Конрбаев¹, О.У. Беркінбаев³

¹ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

²ҚР ҒЖБМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: karasayev_gm@mail.ru

РЕСЕЙ РЕСМИ ДЕРЕКТЕРІНЕ САЙ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ШАРУАШЫЛЫҚТЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ (1901-1917 ЖЖ.)

Аңдатпа.

Бұл мақалада архив материалдары негізінде ХХ ғасырдың басындағы Ақмола облысының әлеуметтік-шаруашылық даму барысы зерттеліп, талдау жүргізілді. Ғылыми айналымға сол кезеңде шығарылған өнеркәсіп өнімдерінің түрлері, тасымалдау техникасы, тау-кен өндірісі тауарларының экспорты кезеңдерінің дамуы және Ақмола облысында кен орындарын игеру тарихқа арналған деректер көрсетілген.

Мақалада көрсетілгендей, осы аймақтағы белсенді сауда орындары зерттелді, салалық өнімдерге байланысты сатудың әртүрлі түрлері жүйеленіп талданды. Сонымен қатар, зерттелген мұрағаттық құжаттардың негізінде қазақтардың ғана емес, басқа ұлттардың да мал басы, өндірілетін және сатуға шығарылатын өнімдері мен олардың нарықтық құны туралы статистикалық деректер берілді.

Облыста ұйымдастырылған жәрмеңкелер мен сауда алаңдары, тауарлардың бағасы нақты мәліметтер негізінде анықталды. Тауар айналымында облыс аумағында өндірілген, сондай-ақ Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азияның әртүрлі өңірлерінен жеткізілетін тауарлардың бірнеше түрлері болды.

Мақаланы дайындаудың мақсаты Ақмола өңірі халқының экономикалық әл-ауқатын арттырудың қажетті негізі болып табылатын көптеген кен орындарында өндірілетін пайдалы қазбалардың, атап айтқанда алтын өндірудің алуан түрлілігі мен байлығын көрсету болды. Мұның бәрі аймақ экономикасының дамуына және оның тұрғындарының әл-ауқатының жақсаруына айтарлықтай әсер етті.

Негізгі сөздер: Ақмола облысы, тау-кен, алтын өндірісі, сауда, мал шаруашылығы, жәрмеңке, зауыт.

Кіріспе.

ХХ ғасырдың басынан Ресей империясы тарапынан осы отарлаушы мемлекеттің құрамында болған негізінен қазіргі Қазақстан территориясының солтүстік, оңтүстік шығыс, шығыс аймақтары болған Дала өлкесіне қарасты облыстардағы шаруашылықтың даму, тұрғындар арасындағы қатынас, бұл жерлерге орыс казактары және шаруаларымен одан ары қоныстандыру, әлеуметтік даму мәселелеріне арналған арнайы ресми басылымдар жариялау жалғастырылып келді. Және мұндай басылымдарда өлкені одан ары отарлау ісінің барысы мен нәтижелері айқындалып, бұл жұмысты одан ары жүргізудің бағыттарын белгілеу міндеттелгендігі анық.

Енді осы Ақмола облысының ХХ ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі көрсеткіштері берілген жарияланымдардың мазмұндары мен анықтамаларына жекелеп тоқтайтын болсақ, олардан негізгі тұрғындары қазақтар болып табылатын бұл өлкені ресейлік отарлаудың барлық мақсаты мен көлемі айқындала түседі. Сонымен қатар, аталған жарияланымдардағы мәліметтерден бұл отарлық қанауға түскен қазақтардың тұрмыстық жағдайларын, әлеуметтік даму барысын да білуге болады. Империялық саясаттың олардың күнделікті тұрмыстарына, дамуына тигізген ықпалы нақты мысалдармен белгілі.

ХХ ғасырдың басында (1901-1907 жж.) Ақмола облысы экономикасының әлеуметтік дамуының жоғарыда келтірілген сараланған көрсеткіштеріне негізделген осы зерттеудің ғылыми нәтижесі Қазақстандағы өнеркәсіптің даму көлемін, тау-кен өндіру ресурстарын

игеруді, ауыл шаруашылығын, оның ішінде астық өндірісін одан әрі ұлғайтуды, астық өндірісін жолға қою мен сауданы дамытуды көрсететін көздердің ғылыми айналымға енгізілгені болды. Патша үкіметі империяның орталық аудандарын қазақ мал шаруашылығы мен шикізат өнімдерімен қамтамасыз етудің тұрақты және арзан әдісін қамтамасыз етуде тиімді болды.

Бірақ соған қарамастан патша үкіметі деректерден белгілі болатынындай, жергілікті қазақтардың шаруашылықтық, әлеуметтік дамуына патша үкіметі ешқандай жағдай жасамады. Бұл бағыттағы атқарылған аздаған істер мен олардың нәтижелері негізінен аталған бағыттағы жаңалықтардың керегін ұғынған қазақтардың жеке бастамалары арқылы ғана жүзеге аса бастады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеудің әдіснамалық негізі танымның жалпы ғылыми принциптері және ең алдымен, тарихизм принципі. Тарихизм принципі оның дамуындағы кез келген тарихи құбылысты, нақты тарихи деректер мен жеке зерттеулерді қамтиды. XX ғасырдың басында Ақмола облысы дамуының тарихи ерекшеліктері әлеуметтік-шаруашылық процестерге әсер еткен шаруашылық өмірдегі түрлі салттардың болуымен анықтады.

Тарихизм принципі осы процестердің мәнін түсінуге, оларды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Мақаланы дайындау кезінде мұнымен бірге жүйелілік принципі қолданылды. Бұл авторларға әлеуметтік-экономикалық дамуды біртұтас тұтастық ретінде қарастыруға мүмкіндік берді, сонымен бірге оны құрайтын элементтердің өзара байланысы мен тәуелділігін көрсетті.

Жоғарыда аталған әдістемелік принциптерден хронологиялық, тарихи-салыстырмалы, статистикалық сияқты жеке зерттеу әдістері де шығады. Хронологиялық әдіс революцияға дейінгі кезеңдегі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын динамикасын қарастыруға және сонымен бірге осы процестің компоненттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Тарихи-салыстырмалы әдіс өнеркәсіптік өндіріс пен сауданы дамытудың жалпы белгілері мен ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Статистикалық әдіс экономикалық қызмет пен сауда мәселелерін зерттеу кезінде сипаттамадан алыс болды.

Негізгі дереккөздері архив материалдары, ғылыми айналымға енгізілген авторлар айқындаған анықтамалық және статикалық деректер болды.

Тақырып бойынша тарихнамалық материалдар да кең, бірақ қолда бар барлық әдебиеттер 20 ғасырдың басындағы облыстың даму тарихының жалпы мәселелеріне арналған. В.В. Тоскинаның диссертациясында өнеркәсіптік өндіріс пен сауданы дамыту негізінде қалыптасқан Ақмола облысының аумағындағы әкімшілік, ландшафттық-рекреациялық және коммерциялық функциялар зерттелді [1].

Г.А. Алпыспаеваның жұмысында XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Ақмола облысындағы Дала өлкесіндегі жәрмеңкелік сауданың даму тарихы ұсынылған. Жәрмеңкелер санының динамикасы, олардың облыс уездері бойынша таралу географиясы көрсетілген. Жәрмеңкелердегі тауарлардың түрлері, сауда айналымдарының көлемі және тауар айналымдарының бағыттары талданды. Ақмола облысындағы жәрмеңке саудасының өсу себептері мен факторлары анықталды, жәрмеңкелердің тауар-ақша қатынастарын дамытудағы және өңірдегі нарықтық кеңістікті қалыптастырудағы рөлі негізделді [2]. Сауда мен жәрмеңкелерді зерттеуге Т.К. Щеглованың жұмысы арналған [3].

С.А. Сүндетовтың [4], Г.Чулановтың [5] еңбектері де осы мәселелерге арналған. Асылбеков М.Х. [6] т.б. тарихнаманың қазіргі кезеңінде қазақстандық тарихшылар XX ғасырдың басындағы уездік қалалардың шаруашылық даму тарихы бойынша нақты-нақты материал әзірлеуде. Қ.Ж. Әбілов [7], С.Н. Мамытова [8], Р.М. Джаниева [9], В.В. Козина [10], А.Т. Бексеитова [11] және т.б. бірқатар авторлардың еңбектері.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Мысалы, 1908 жылы Омск қаласында жарияланған «Обзор Акмолинской области за 1907 год» атты жинақта осы облыстың 1907 жыл бойынша негізгі шаруашылықтық көрсеткіштері баяндалған [12]. Онда жазылғанындай: «Алтын өндіру ісі. 1907 жылдан бері Округтік Инженер кеңсесіне 1 ғана өтініш түсті. 1907 жылы іздеу жұмыстарына қажетті алаңдар берілген жоқ. 1907 жылғы есептегі 26 алтын іздестіру орындарынан үшеуі ғана жұмыс істеді.

Тау-кен өндірісі. Ақмола облысындағы кен орындарынан түсті металдар өндірудің бастамасы XIX ғасырдың ортасынан негізделе бастады. Атап айтқанда, олардың біріншісі 1854 жылдан жұмыс істей бастаған, ал келесісі енді ғана жұмысын жолға қойған екі өндіріс орнын атауға болады. Біріншісі Ақмола уезіндегі кәсіпорын азаматтар Рязановтарға тиесілі болған 1854 жылдан 1904 жылға дейін жұмыс істеген, одан ары 1907 жылдан негізгі қызметі Спасск зауытында жүргізіліп келе жатқан ағылшындық Акционерлік Қоғамына қарайтын Спасский мыс кен орындары.

Екіншісі Фонь-Штейн мырзаның иелігіндегі (ағылшын капиталы үшін жұмыс істейтін) 1-ден едәуір қашықтықтағы басқа уездегі, атап айтқанда Абасар уезінің Торғай облысымен шекарасына жақын орналасқан тау-кен өндірісі кәсіпорны.

Сауда. 1907 жылы облыста 2 896 сауда және өндіріс орындары болды. Солардың қатарында ақша айналымы 63 825 000 рубльді (рубль – сол уақыттағы Ресей империясының ақша өлшемі, 1 рубль – 100 копейкаға тең) құраған I разрядты – 28, II разрядты – 976, III – 18 926 сауда орындары, сауда айналымы 79 044 000 рубльді құраған 187, соның ішінде барлығы I разрядты – 1, II – 1, III – 1, IV – 22, V – 66 және VI – 96 өндіріс орындары жұмыс істеді. Облыста сауда айналымы тауар әкелуден 50 миллионнан артық рубль және сатудан 20 млн-нан артық болып, барлығы 80 миллион рубльді құрайтын 100 жәрмеңке мен сату орындары жұмыс атқарды. Сауда орындарын бес топқа бөлуге болады: 1) мал (жылқы, мүйізді ірі қара, қой); 2) мал өнімдері шикізаты және қырғыз өнімдері (ет, май, тері, қой және ешкі терісі, жүн, қыл, аң терілері, киіз т.б.), 3) тұрмысқа қажетті бұйымдар мен шаруашылық өнімдері; 4) Түркістан өлкесінен әкелінетін азиялық тауарлар (халаттар, көрпелер, кілемдер, мата, жібек бұйымдары, ат әбзелдері, кептірілген жемістер, күріш, фисташка т.б.) және 5) еуропалық тауарлар (зауыттық және фабрикалық өнімдер, шыны және фарфор ыдыстар, тері және темір бұйымдар, мануфактуралық, бакалеялық, галантереялық, москательдік және басқа тауарлар)» [12. – 33]. Ал келесі, 1911 жылы Омбы қаласында жарыққа шыққан «Обзор Акмолинской области за 1910 год» [13] атты жинақтағы анықтамалардан:

Тау-кен өндірісі. Облыстағы тау-кен өндірісі Солтүстік Дала тау округіне тиесілі. 1910 жылы 36 адам облыстағы 176 пункте қазба металдарын, атап айтқанда: мыс кені, тас көмір және тағы да басқаларын іздестіру құқығын алды. Есепті жылдың соңында тек қана 69 пунктте іздестіру жұмыстарының нәтижелері туралы мәлімет алынды, ал қалған 107 орында іздестіру жұмыстары жүргізілмеді.

Алтын өндіру ісі. Есептегі 23 іздестіру орнынан есепті жылы Көкшетау уезіндегі жалғыз ғана Троицкий-Шпринбаха іздестіру орны жұмыс істеді. Жыл ішінде құрамында алтын бар 73 680 пұт (пұт – салмағы 16 келіге тең ауырлық өлшемі) кварц (кварц, шынытас – табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзеуші минерал) жуылды. 100 пұттағы алтын көлемі 30 бөлікке тең болды. Өткен жылғыдан 1 фунт, 15 алтынды және 16 бөлік аз, барлығы 7 фунт, 19 алтын және 54 бөлік алтын алынды.

Фабрика-зауыттық өндіріс. Соңғы жылдары ол едәуір дәрежеде алға басқанын әр жылдардағы сандық көрсеткіштер дәлелдегенімен, капиталдың, іскерліктің, облыстың шаруашылығының даму деңгейінің төмендігінен тұрғындар санының аздығынан дамуынан фабрика-зауыттық өндіріс нашар жолға қойылған:

1897 жылы – 1 289 198 р;

1907 жылы – 3 659 576 р;

1908 жылы – 3 624 959 р;

1909 жылы – 6 936 111 р;

1910 жылы – 12 817 021 р» [13. – 34], - деген сандарды білуге болады.

1909 жылы Чернигов қаласында жарияланған «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область Акмолинский уезд. Том III-й Часть II-я Чернигов, 1909» атты жазда деректер жинағында Ақмола облысының шаруашылықтық дамуының 1912 жылғы анықтамалары жарияланған. Онда баяндалғандай:

Мал шаруашылығы. Мал саны 1912 жылы облыстағы әр түрлі мал саны – 4 554 652, өткен жылмен салыстырғанда (1911 жылмен) 195 067 басқа артық болды. (Осының ішінде, - Ғ.Қ.) 1912 жыл бойынша, қазақтардың (негізгі деректе қырғыз деп көрсетілген) барлық мал саны 3 057 908 бас болса, 1911 жылы олардың барлық мал саны 2 980 098 бас болды.

Тау-кен ісі. 1912 жылы 74 жеке тұлға облыста мыс кені, тас көмір және басқа кен орындарын іздестірумен айналысты. Ақмола уезіндегі Спасск мыс қорыту зауытында 1 514 030 пұт мыс кені қорытылды және одан 271 421 фунт таза мыс алынды. Атбасар уезіндегі (Атбасар кен өндіру орнында) 314 140 пұт кен өндірілді.

Алтын өндіру. Есепті жылы Шпринбахқа тиесілі Көкшетау уезіндегі Троицк іздестіру орнында 71 900 пұт құрамында алтын бар кварц құмы жуылды 16 фунт, 62 алтынды алтын алынып, өткен жылғыдан 2 фунт, 19 алтындыққа көп болды.

Жәрмеңкелер. Облыста 1912 жылы 200-ден артық жәрмеңкелер мен сауда алаңдары болып, олардағы сауда айналымы 19 миллион рубльге, сату 10 рубльге дейін жетті» [14], - деген анықтамалар берілген. «Памятная книжка и Адрес – Календарь Акмолинской области на 1912 год г. Омск» [15] атты анықтамада баяндалғанындай: Тау-кен ісі. Статистикалық Комитеттің мәліметі бойынша, облыста бекітілген тау-кен өндіру (рудниктер мен копи) орындары 13, бекімегендері 81; олардың ішінде кен орындары 39, копей 5, солардың қатарында жұмыс істеп тұрған кен орындары 8, жұмыс істемейтін – 31, жұмыс істейтін тас көмір өндіру орындары 1, жұмыс істемейтіндер 4. Атбасар уезінде орналасқан бұрынғы «Ұлытау» бекінісінен 110 верст (верст – ұзындығы 1,06 км-ге тең ескі орыс өлшемі) қашықтықта орналасқан Атбасар кен орындары Акционерлік қоғамына тиесілі кен өндіру орындарында өндірілген мыс кені: Крестовоздвиженск кен өндіру орнында 57 700 пұт, Покровск кен өндіру орнында 39 000 пұт, Петропавловск кен өндіру орнында 84 300 пұт, Никольск кен өндіру орнында 10 000 пұт, барлығы 196 400 пұт мыс кені өндірілді» [16], Омскіде 1915 жылы жарыққа шыққан «Памятная книжка Акмолинской области на 1915 год» [17] атты деректер топтамасында: «Мал шаруашылығы. 1913 жылы облыста 4 810 372 бас үй малы есептелініп, өткен жылмен салыстырғанда 255 720 басқа көп болды. Осылардың ішіндегі, қазақтарға (негізгі деректе – қырғыз деп көрсетілген) 3 112 818 бас мал, шаруаларға – 1 154 751 бас және жеке иеленушілермен бірге казактарға – 542 803 бас мал тиесілі болды. Азықтың жоқтығынан, боран, аурулардан, солармен бірге жыртқыш аңдардың жоюларынан 215 085 бас мал шығын болды. Жылқыны 50 рубль, ірі қара малын – 60 рубль, қойды – 8 рубль, ешкіні – 6 рубль, түйені – 100 рубль және шошқаны 15 рубль деп есептегенде, барлық малдың бағасы 165 220 074 рубль деп бағаланды. Сауда орындары 1913 жылы 4 631-ге жетіп, 1912 жылмен салыстырғанда сауда айналымы 63 399 140 рубльді құраған 123-ке артық болды.

1913 жылы облыстағы барлық 334 жәрмеңкенің 100 – мал және шикі мал өнімдерімен сауда жасалынды. Барлық жәрмеңкелерге 21 220 жылқы, 247 518 мүйізді ірі қара мал, 142 255 қой мен ешкі, 306 түйе және 85 шошқа әкелініп, ветеринарлық бақылаудан өткізілді. Өңделмеген мал өнімдерінен әкелінгені: мүйізді малдың терісі – 43 618 дана, жылқы терісі – 58 498 дана, қой және ешкі терілері – 281 764 дана, түйе терісі – 2 303 дана, жылқы қылы – 19,97 пұт, қой жүні – 85,836 пұт, және түйе жүні – 33,147 пұт. [17. – 14], - деген мәліметтер

жазылған. Одан кейінгі «Обзор Акмолинской области за 1915 год. Издание Акмолинского Областного Статистического Комитета. Омск. 1917» [18] деген атаумен баспадан шыққан жинақта Ақмола облысының 1915 жылдың шаруашылықтық қорытындысы беріліп, көпсалалалы негізгі шаруашылықтық анықтамалар баяндалған. Осы жинақта жазылғанындай: «Тау-кен өндірісі. Облыстағы тау-кен ісі Далалық Солтүстік тау округіне қарайды. Облыс қазба байлықтарына аса бай. Алайда кен орындарының темір жолдан алыстығынан іздестіру жұмыстары баяу жүргізілуде. Негізгі кен байлықтары оның тас, көмір, алтын және тұз өндірілетін оңтүстік бөлегінде (Ақмола және Атбасар уездерінде) орналасқан.

Атбасар Акционерлік Қоғамына қарасты Қарсақпай мыс балқыту зауытының құрылысы 1915 жылы аяқталған жоқ, сонымен бірге Успенск кен игеру орнынан 15 верст қашықтықта орналасқан және Спасск Акционерлік Қоғамына қарасты Байыту зауыты да дайын емес. Есепті жылы Спасск Акционерлік Қоғамына қарасты бір ғана Спасский мыс балқыту зауыты жұмыс істеді. Зауыт облыстың оңтүстігінде, Ақмола қаласынан 260 верст қашықтықта орналасқан. Успенск кен орны есепті жылы 1 292 532 пұт мыс кенін өндіріп, одан Спасск зауыты 214 013 пұт мыс балқытты. Қарағанды кен орнында 4 036 992 пұт тас көмір өндірілді.

Алтын өндіру. 1915 жылы алтын екі кен орнында ғана жүргізілді. Георгиев кен орны 30 фунт (фунт – салмақ өлшеу техникасы, 1 фунт – 453 грамм, 15 фунт алтын алынды. Ирмен кен орны 38 фунт, 72 алтынды, 51 үлесті алтын алынды, 1915 жылы 31 фунт, 54 алтынды 51 үлестік алтын алынды» [18. – 28].

Ақмола облысының аталған уақыттағы тарихын баяндайтын жазба деректерден өңірдің шаруашылықтық даму көрсеткіштерінен басқа тұрғындарға білім беру ісінің анықтамалықтарын да білуге болады. Мысалы: «Акмолинской области за 1910 год» [19], - атты жазба деректер жарияланымдарында: «Комитеттегі бар мәліметтер бойынша, облыста 32 046 адам білім алды. Оқу орындары орта, арнаулы және төменгі деп бөлінді. Орта және арнаулы оқу орындары негізінен соңғы 5 жылда 1 арнаулы және 4 орта білім беретін оқу орындары ашылған Омбы қаласында орналасты. Міне осылай, облыста 1910 жылы 464 оқу орны болып, оларда 32 046 оқушы, солардың ішінде қырғыз ауылдық мектептерінде 590 ұл және 82 қыз білім алды» [19. – 60], - деген анықтамалар бар. Ал, бұл басылымдардың қатарындағы, «Памятная книжка Акмолинской области на 1915 год» деген атаумен дайындалып, баспадан шыққан жылдық жазба деректер жинағында: «Есепті жылы облыстағы оқу орындарының саны 743 болды. Оқушылардың діни сенімдеріне қарай бөлінуі келесі мәліметтерден білуге болады: мұсылмандық 34,71. Барлығы 49,309.

Қазақ тұрғындарының балаларын оқыту үшін облыста 66 ауылдық мектептер бар. Олардың саны әр жыл сайын артып келеді, мұндай жағдай әсіресе орыс қоныстары қазақ ауылдарына таяу келген немесе оларды қоршай орналасқан уездерде ерекше орын алуда. Қазақтар орыс тілін үйренудің қажеттігін ұғына бастады. Олар жиі ауыл мектептерін ашу мәселесін көтеруде, үйлер бөлу және жылумен қамтамасыз етуге жағдайлар жасап, бұл іске ерекше назар аударуда» [20], - деп көрсетіліп, ондағы тақырыпқа байланысты нақты сандардан жергілікті қазақ балаларын оқытудың барысы мен болашағын, осындай маңызды шараға деген империялық саясаттың көзқарасы пен мақсатын сезінуге болады.

Қорытынды.

Ақмола облысының XX ғасырдың басындағы (1901-1907 жж.) шаруашылықтың әлеуметтік дамуға арналған жоғарыдағы сараланған көрсеткіштерінен байқайтынымыз:

- Ресей империясы тарапынан өнеркәсіпті дамыту, тау-кен байлықтарын игеру, ауыл шаруашылығын, соның ішінде астық өндіруді одан ары арттыру, жергілікті қазақтармен сауда жасауды одан ары жолға қою арқылы империяның орталық өңірлерін мал өнімдерімен, оның шикізаттарымен кен қамтамасыз етудің тұрақты да арзан жолын молайту;

- Өлкені орыс шаруаларымен қоныстандыру арқылы, жергілікті тұрғындар саны мен үлес салмағын барынша азайту, осындай шаралар арқылы бұл жерлерді толығымен ресейлік ету;

- Мүмкіндігінше әскери бекіністер негіздеу мен казак әскерлерін молайту есебінен Ақмола облысы аймағын Ресей патшалығының одан арғы Орталық Азия аймағын игерудегі тірек орны ету, осындай шаралар арқылы болашақта отарлау көлемін одан ары Қытаймен шектесетін өңірлерге қарай арттыру;

- Аталған өңірге жақын өтетін ТрансСібір темір жолының көмегімен оның байлығын империяның ішкі бөлігіне молынан тасу;

- Осындай отарлау шаралары негізінде Ресей империясының қуаттылығын әлемдік деңгейде көрсету міндеттері қойылды.

Нақты деректерден белгілі болатынындай, жергілікті қазақтардың шаруашылықтық, әлеуметтік дамуына, оларға білім беру, құқықтарын айқындау шараларына ешқандай жағдай жасалмады. Бұл бағыттағы атқарылған аздаған істер мен олардың нәтижелері негізінен аталған бағыттағы жаңалықтардың керегін ұғынған қазақтардың жеке бастамалары арқылы ғана жүзеге аса бастады.

Ұсыныстар.

- Жоғарыдағы талданып, тарихи баға берілген нақты жазба деректер арқылы қазақ жерін ресейлік отарлаудың, оның салдарларының XX ғасырдың басындағы ерекшеліктері мен мақсатына сипаттама беруге арналған ғылыми шығармалардың молынан жарық көруіне назар аудару;

- Қазіргі күндері ресейлік ғылыми орталары және жоғары оқу орындары кітапханаларындағы сирек кездесетін әдебиеттер қорларында ғана сақталынып отырған, сандары аз мұндай бағалы деректердің өзара жасалған келісімдер негізіндегі мүмкіндігінше көшірмелерін, электронды нұсқаларын алдырып, еліміздің орталық және жетекші жоғары оқу орындары кітапханаларында болуына назар аудару;

- Бұлармен қатар Қазақстан тарихының Ресей империясына бодандыққа айналуы кезеңімен айналысатын жас зерттеушілердің ғылыми туындыларының маңызын кеңінен ашу мақсатындағы архив деректерімен қатар мүмкіндігінше осындай бағалы тарихи жазбалардың түпнұсқаларын молынан пайдалануларына назар аудару;

- Сонымен қатар аталған тақырыптарға арналған шығармалардағы көне тарихи деректерді пайдаланғанда, бұл істің теориялық-методологиялық әдістері талаптарының толығымен орындалуына жетісу;

Міне осындай және де тағы да басқа талаптар жүзеге асырылғанда, Қазақстанның әрбір өлкесінің жалпы, соның ішіндегі Ресей империясына бодандық мерзіміндегі тарихы кеңінен ашылып, оны шетелдік журналдарға да барынша жариялануына мүмкіндік туады деп есептейміз.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.) (ЖТН №BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Тоскина В.В. Эволюция архитектурно-планировочной структуры населенных пунктов Северного Казахстана в XIX-XX вв.: на примере Акмолинской области. Автореферат на соискание кандидата архитектуры. — 2002. — 197 с.

2 Алпыспаева Г.А. Ярмарочная торговля в Акмолинской области Степного края во второй половине XIX – начале XX века. Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. — № 185. — 2020. — С. 239-248

- 3 Щеглова Т.К. Ярмарки Западной Сибири и степных областей второй половины XIX века. Из истории российско-азиатской торговли. — Барнаул. — 2002. — 158 с.
- 4 Сундетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX века. Казахстан в канун Октября. — Алма-Ата. — 1969. — 25 с.
- 5 Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. (Историко-экономический очерк). — Алма-Ата. — 1960. — 11 с.
- 6 Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX – начале XX века. Казахстан в канун Октября. — Алма-Ата. — 1969. — 25 с.
- 7 Абилов К.Ж. История и теория кооперативного движения: Учебно-практическое пособие для дистанционного обучения. — Караганда: КЭУК. — 2003. — 140 с.
- 8 Мамытова С.Н. О русских предпринимателях в казахстанском Прииртышье во второй половине XIX – начале XX вв. дореволюционной исторической литературе. Вестник Томского государственного университета. — Томск. — № 329. — 2009. — С. 102-105
- 9 Джаниева Р.М. Социально-экономическое и культурное развитие уездных городов степного края в конце XIX – начале XX вв. Автореферат на соискание ученой степени к.и.н. — Омск. — 2007. — 24 с.
- 10 Козина В.В. Голод в Центральном Казахстане в начале XX века и его социально-демографические последствия. Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». — № 2(106). — 2022. — С. 221-232
- 11 Бексеитова А.Т. Ақмола облысының нұсқаулық кітаптары өлке тарихының деректері (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы). — Кокшетау. — 2019. — 125 б.
- 12 Обзор Акмолинской области за 1907 год. — Омск. — 1908. — 31 с.
- 13 Обзор Акмолинской области за 1907 год. — Омск. — 1908. — 33 с.
- 14 Обзор Акмолинской области за 1910 год. — Омск. — 1911. — С. 34-36
- 15 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область Акмолинский уезд. — Чернигов. — Том 3. — 1909. — С. 14-38
- 16 Памятная книжка и адрес-календарь Акмолинской области на 1912 год. — Омск. — 1914. — 19 с.
- 17 Памятная книжка Акмолинской области на 1915 год. — Омск. — 1915. — С. 10-18
- 18 Обзор Акмолинской области за 1915 г. Издание Акмолинского Областного Статистического Комитета. — Омск. — 1917. — С. 27-28
- 19 Обзор Акмолинской области за 1910 год. — Омск. — 1911. — 60 с.
- 20 Памятная книжка Акмолинской области на 1915 год. — Омск. — 1917. — С. 36-38

ИСТОРИЯ СОЦИАЛЬНО-ХОЗЯЙСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПО РОССИЙСКИМ ОФИЦИАЛЬНЫМ ИСТОЧНИКАМ (1901-1917 ГГ.)

Аннотация.

В данной статье исследован и проведен анализ хода социально-хозяйственного развития Акмолинской области в начале XX века на основе архивных материалов. В научный оборот вводятся выпускаемые в тот период виды промышленной продукции, транспортировочная техника, показано развитие этапов экспорта товаров горного производства и разработка месторождений в Акмолинской области.

Исследованы места активной торговли в данном регионе, систематизированы и проанализированы различные виды продаж в зависимости от отраслевой продукции. Кроме того, на основе изученных архивных документов даны статистические данные о поголовье скота не только коренного населения казахов, но и других национальностей, изготовляемая и выносимая на продажу продукция и их рыночная стоимость.

Ярмарки и торговые площади, организованные в области, цены на товары уточнены на основе конкретных данных. В товарообороте находились различные виды товаров, которые производились на территории области, а также доставлялись из разных регионов не только Казахстана, но и всей Средней Азии.

Целью подготовки статьи - показать многообразие и богатство полезных ископаемых, добываемых на многочисленных месторождениях, в частности золотодобыча, являвшихся необходимой основой повышения экономического благосостояния населения Акмолинского региона. Все это оказывало значительное влияние на развитие экономики региона и улучшения благосостояния его населения.

Ключевые слова: Акмолинская область, горное дело, золотодобыча, торговля, животноводство, ярмарка, завод.

HISTORY OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF AKMOLINSK REGION ACCORDING TO RUSSIAN OFFICIAL SOURCES (1901-1917)

Abstract.

This article examines and analyzes the course of the socio-economic development of the Akmola region in the early twentieth century on the basis of archival materials. The types of industrial products produced at that time, transportation equipment are introduced into scientific circulation, the development of stages of export of mining products and the development of deposits in the Akmola region is shown.

The places of active trade in this region are investigated, various types of sales are systematized and analyzed depending on the industry products. In addition, on the basis of the studied archival documents, statistical data on the livestock of not only the indigenous population of the Kazakhs, but also other nationalities, manufactured and marketed products and their market value are given.

Fairs and retail areas organized in the region, the prices of goods are specified on the basis of specific data. The turnover included various types of goods that were produced in the region, as well as delivered from different regions not only of Kazakhstan, but also throughout Central Asia.

The purpose of the article was to show the diversity and wealth of minerals extracted from numerous deposits, in particular gold mining, which were a necessary basis for improving the economic well-being of the population of the Akmola region. All this had a significant impact on the development of the region's economy and the improvement of the well-being of its population.

Key words: Akmola region, mining, gold mining, trade, animal husbandry, fair, factory.

REFERENCES

- 1 Toskina V.V. Evolyutsiya arkhitekturno-planirovochnoi struktury naselennykh punktov Severnogo Kazakhstana v XIX-XX vv.: na primere Akmolinskoi oblasti [Evolution of architectural and planning structure of settlements in Northern Kazakhstan in the 19th and 20th centuries: on the example of Akmola region]. Avtoreferat na soiskanie kandidata arkhitektury. 2002. 197 p. [in Russian]
- 2 Alpyspaeva G.A. Yarmarochnaya trgovlya v Akmolinskoi oblasti Stepnogo kraya vo vtoroi polovine XIX – nachale XX veka [Fair trade in Akmola region of the Steppe region in the second floors in the 19th - early 20th centuries]. Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye nauki. 185. 2020. P. 239-248. [in Russian]
- 3 Shheglova T.K. Yarmarki Zapadnoi Sibiri i stepnykh oblastei vtoroi poloviny XIX veka. Iz istorii rossiisko-aziatskoi trgovli [Fairs of Western Siberia and steppe regions of the second half. XIX century. From the history of Russian-Asian trade]. Barnaul. 2002. 158 p. [in Russian]
- 4 Sundetov S.A. Torgovlya v Kazakhstane v nachale XX veka//Kazakhstan v kanun Oktyabrya [Trade in Kazakhstan at the beginning of the XX century//Kazakhstan on the eve of October]. Almaty. 1969. 25 p. [in Russian]
- 5 Chulanov G. Promyshlennost' dorevolutsionnogo Kazakhstana. (Istoriko-ekonomicheskii ocherk) [Industry of pre-revolutionary Kazakhstan. (Historical and economic sketch)]. Almaty. 1960. 11 p. [in Russian]
- 6 Asylbekov M.H. Razvitie seti zheleznykh dorog Kazakhstan v kontse XIX – nachale XX veka. Kazakhstan v kanun Oktyabrya [Development of the railway network of Kazakhstan in the late XIX – early XX century. Kazakhstan on the eve of October]. Almaty. 1969. 25 p. [in Russian]
- 7 Abilov K.Z. Istoriya i teoriya kooperativnogo dvizheniya: Uchebno-prakticheskoe posobie dlya distantsionnogo obucheniya [History and Theory of the Cooperative Movement: Educational and practical manual for distance learning]. Karaganda: KEUK. 2003. 140 p. [in Russian]
- 8 Mamyonova S.N. O russkikh predprinimatel'nykh v kazakhstanskom Priirtysh'e vo vtoroi polovine XIX – nachale XX vv. dorevolutsionnoi istoricheskoi literature [About Russian entrepreneurs in Kazakhstan Priirtyshye in the second half of the XIX – early XX century. in pre-revolutionary historical literature. Herald of Tomsk State University]. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Tomsk. №329. 2009. P. 102-105. [in Russian]
- 9 Janieva R.M. Sotsial'no-ekonomicheskoe i kul'turnoe razvitie uezdnykh gorodov stepnogo kraya v kontse XIX – nachale XX vv. [Socio-economic and cultural development of county cities of the steppe region in the late 19th – early 20th centuries]. Avtoreferat na soiskanie uchenoi stepeni k.i.n. Omsk. 2007. 24 p. [in Russian]
- 10 Kozina V.V. Golod v Tsentral'nom Kazakhstane v nachale XX veka i ego sotsial'no-demograficheskie posledstviya [Famine in Central Kazakhstan at the beginning of the 20th century and its socio-demographic consequences]. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya "Istoriya. Filosofiya". №2(106). 2022. P.221-232. [in Russian]
- 11 Bekseitova A.T. Aqmola oblysynyñ nūsqaulyq kitaptary öлке tarihyñyñ derekterі (XIX ғасыrdyñ II jartysy – XX ғасыrdyñ basy) [Guide to Akmola region books are data on the history of the region (second half of the 19th century - 20th century). turn of the century]]. Kokshetau. 2019. 125 p. [in Kazakh]
- 12 Obzor Akmolinskoi oblasti za 1907 god [Akmola region review for 1907]. Omsk. 1908. 31 p. [in Russian]
- 13 Obzor Akmolinskoi oblasti za 1907 god [Akmola region review for 1907]. Omsk. 1908. 33. [in Russian]

- 14 Obzor Akmolinskoi oblasti za 1910 god [Akmola region review for 1910]. Omsk. 1911. P. 34-36. [in Russian]
- 15 Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannyye i razrabotannyye ekspeditsiei po issledovaniyu stepnykh oblastei. Akmolinskaya oblast' Akmolinskii uезд [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the expedition for the study of steppe areas. Akmola region Akmola district]. Chernigov. Tom 3. 1909. P. 14-38. [in Russian]
- 16 Pamyatnaya knizhka i adres-kalendar' Akmolinskoi oblasti na 1912 god [Commemorative Book and address-calendar of Akmola region for 1912]. Omsk. 1914. 19 p. [in Russian]
- 17 Pamyatnaya knizhka Akmolinskoi oblasti na 1915 god [Memorial Book of Akmola region for 1915]. Omsk. 1915. P. 10-18. [in Russian]
- 18 Obzor Akmolinskoi oblasti za 1915 g. Izdanie Akmolinskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. [Review of Akmola region for 1915. Edition of Akmola Regional Statistical Committee]. Omsk. 1917. P. 27-28. [in Russian]
- 19 Obzor Akmolinskoi oblasti za 1910 god [Akmola region review for 1910]. Omsk. 1911. 60 p. [in Russian]
- 20 Pamyatnaya knizhka Akmolinskoi oblasti na 1915 god [Memorial Book of Akmola region for 1915]. Omsk. 1917. P. 36-38. [in Russian]

Information about authors:

Gani Karasaev – **corresponding author**, doctor of historical sciences, professor, Institute of state history of the Science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail.ru: karasayev_gm@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

Altyn Ualtayeva – candidate of historical sciences, docent Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6058-6061>

Nurbek Konrbaev – PhD, Institute of state history of the science Committee of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail.ru: nurjan12.kz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

Olzhas Berkinbayev – doctoral student at al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>

Информация об авторах:

Гани Карасаев – **основной автор**, доктор исторических наук, профессор Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: karasaev_gm@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

Алтын Уалтаева – кандидат исторических наук, доцент Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6058-6061>

Нурбек Қонрбаев – PhD Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail.ru: nurjan12.kz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

Олжас Беркінбаев – докторант исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail.: berkinbaev.o@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>

Авторлар туралы ақпарат:

Ғани Қарасаев – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: karasayev_gm@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

Алтын Уалтаева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6058-6061>

Нурбек Конрбаев – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихи институты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nurjan12.kz@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>

Олжас Беркінбаев – тарих мамандығы бойынша PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>